

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ГЕОГРАФИЯ ИНСТИТУТЫ
ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯ ИНСТИТУТЫ
ЛЕЙПЦИГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯ ИНСТИТУТЫ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY NAMED AFTER ABAI
INSTITUTE OF GEOGRAPHY, REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
INSTITUTE OF GEOGRAPHY, REPUBLIC OF AZERBAIJAN
INSTITUTE OF GEOGRAPHY, LEIPZIG UNIVERSITY

**«ЭКОЛОГИЯ, ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМНІҢ
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ»**

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

12-13 мамыр, 2014 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

**«ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ТУРИЗМА,
КРАЕВЕДЕНИЯ И ЭКОЛОГИИ»**

12-13 мая, 2014 г.

MATERIALS

of the International scientific-practical conference

**«GEOGRAPHICAL PROBLEMS OF TOURISM,
LOCAL HISTORY STUDIES AND ECOLOGY»**

12-13 may, 2014 .

Алматы 2014

Almaty 2014

МЕТОДЫ УЧЕТА ДИКИХ ЖИВОТНЫХ В КОНТЕКСТЕ УСТОЙЧИВОГО РЕКРЕАЦИОННОГО ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	331
21. Н.М. Тұрғымбекова Н.А. Омарова «ТАҢБАЛЫ ТАСТАРДЫҢ» АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ.....	334
22. Сергеева А.М. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ.....	338
23. Саванчиева А.С. МЕЖДУНАРОДНЫЕ ТУРИСТСКО-РЕКРЕАЦИОННЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КЫРГЫЗСТАНА.....	341
24. С.Т. Рысбекова, Т.З. Рысбеков ТУРИСТІК – ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІН ДАМУДАҒЫ КЕЙБІР ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ МӘСЕЛЕСІ.....	344
25. Қ.М. Омаров БЕЛСЕНДІ ТАУ ТУРИЗМ ӨДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯМЕН БАЙЛАНЫСЫ.....	347
26. Г.Н. Мырқасымова ЖАСТАР ТУРИЗМІНІҢ ӨРТҮРЛІ ТҮРЛЕРІНДЕ АНИМАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	350
27. Мусина Т.С. ҚАЗАҚСТАНДА АГРОТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ.....	352
28. Мамбеталиев К.Т., Мұздыбаева К.К. ФИТОТУРИЗМНІҢ КЕЙБІР САЛАЛАРЫ.....	354
29. Исмагулова С.М., Мажитова Г.З. СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ТУРИСТСКОЙ ОТРАСЛИ В СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	357
30. Е.А. Калимбетов ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	361
31. А. Жансағимова., О.Б. Мазбаев ТУРИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ.....	363
32. Қ.М. Омаров Д.К. Жақсыбекова ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ БАҒЫТЫН ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	367
33. Д.М. Боранқұлова ОҢТҮСТІК МАҢҒЫСТАУ - ТҰЙЫҚ ОЙПАҢДАР ӨЛКЕСІ.....	369
34. Бектенярова А.Р. ПРИРОДНЫЙ РЕКРЕАЦИОННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ АКСУ-ЖАБАГЛИНСКОГО ЗАПОВЕДНИКА.....	372
35. Антонович А.П., Яворская О.Г. ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ, ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ И ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ КАК РЕКРЕАЦИОННО-ТУРИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ УКРАИНЫ.....	375
36. С.К. Алымбеков ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМДІ ЖАНДАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ІСКЕРЛІК БАҒЫТТАРЫН ДАМУ.....	378
37. Алишева Р.Т. ТУРИЗМ КАК ЭФФЕКТИВНОЕ СРЕДСТВО ДУХОВНОГО И ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ И ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ.....	382
38. Алиева Ж.Н., Мұрат Ф. ТУРИЗМДЕГІ ВИРТУАЛДЫ ТУРЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	385
39. Е.А. Калимбетов ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДАМУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	389
40. Алиева Ж.Н., Жолдасова Б. Э. ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМ ДАМУЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ.....	392
41. Aldasheva A.A. TOURISM IS A FUTURE OF KAZAKHSTAN.....	396

Широкие просторы Казахстана с обилием уникальных красивых природных мест, культурных и исторических достопримечательностей позволяют создать и развить новую нишу в сфере туризма нашей страны.

ЛИТЕРАТУРА

1. Meta.kz
2. KZTravelNews
3. Агентство Республики Казахстан по статистике – 2013 г.

УДК 004.923

Алиева Ж.Н., Мұрат Ф.

ТУРИЗМДЕГІ ВИРТУАЛДЫ ТУРЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., (Қазақстан)


Қазіргі жаһандану заманында заманауи технологиялардың пайда болуына байланысты виртуалды туризмді бөлек қарастыруға тұрарлық сала. Оның туризмдегі даму мүмкіншіліктері мен оны туристік кәсіпорындар жарнама ретінде пайдаланудың ролін анықтау маңызды болып отыр. Яғни, виртуалды туризмнің жағдайын анықтау, даму болашаған белгілеу және оны тиімді пайдалана алу басты атқарылатын істің бірі.

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. Яғни, ел экономикасында өсіп-өркендеуіне айтарлықтай үлес қосатын бір сала туризм болып отыр. Бүгінгі күнде туризм – бұл әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласына айналған. Технологиялардың заманауи үлгілерге сәйкес жаңартылып жаңғыруы туризмде өз әсерін тигізді. Аз уақыт аралығында виртуалды мәдениет әсері қазіргі заманға сай адамның өмірінің барлық қырларынан байқалып отыр. Сонымен қатар, туризм саласында да кең етек алды. Мультимедиялық жүйелердің пайда болуы «виртуалды туризм» ұғымының пайда болуына әкелді. Мұндай революция саяхатшылар үшін бұрын армандамаған мүмкіндіктерге қол жеткізуге жол ашты. Өткен заманда туристік армандар сол орындалмаған күйінде қала берсе, бүгінгі күні арманға қол жеткізу үшін ғаламтор жүйесіне кіру жеткілікті. Тіпті сырқаттанған немесе мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де, үйін, жұмысын тастай алмайтын бос уақыты жоқ адамдар үшін де бүгінгі таңда басқа елде саяхаттау қиынға соқпайды. Ол үшін тек ғаламтордан қажетті орынды таңдау жеткілікті. Сол жерлермен нағыз саяхат жасауға сол жерден түсірілген суреттерден және аудиодыбыстардан құралған виртуалды турлар көмектеседі. Мұндай турларда қозғалу құралы болып тінтуір (мышка) табылады. Тінтуірді бір-екі басу арқылы армандаған орындарға саяхаттауға болады. Шынайы сезім тудыруға айналадағы адамдар, автомобильдер, сол жердің шуы көмектеседі [1]. Демек, жаңа заманғы технологиялар виртуалды туризмді нағыз туризмге максималды түрде жақындатады: бірнеше минут ішінде бірнеше қалалар мен елдерді көруге мүмкіндік туды. Әрине, қалай шындыққа жақындаса да, мұндай турлар кәдімгі саяхаттың орнын баса алмайды. Солай бола тұрса да, көптеген мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін көптеген туристік кәсіпорындар үшін дұрыс маркетинг жүргізу жолында таптырмас шешім болып табылады.

Виртуалды туризм – үш өлшемді көпэлементті кеңістіктің жазық экрандағы кескінін шынайы ету әдісі. Басқа сөзбен айтқанда, виртуалды тур бірнеше біріккен сфералық панорамалардың ортақ белгіленуі болып табылады. Виртуалды турлардың негізгі элементі болып сфералық панорамалар саналады. Олар өзара интерактивті сілтемелер арқылы байланысады. Виртуалды тур панорамалық фототүсірілімдерден тұрады. Сол панорамалық фототүсірілімдерді бір-біріне біріктіру арқылы виртуалды тур ала аламыз [2]. Панорамалық фототүсірілім фотосуреттің ұзындығы бойынша созылған сурет алуы қарастыратын ерекше бейнесін көрсетеді. Мұндай панорамалық суреттер оннан да көп суретті бір композициялық суретке біріктіре алады. Панорамалық фототүсірілім кезінде көру бұрышы 180 немесе одан да көп градусы қамтитын суреттер жасауға болады. Осы мүмкіндіктің көмегімен фотограф бір сурет ішінде әлдеқайда көп кеңістікті қамти алады (1, 2-сурет). Панорамалық түсірілім архитектуралық ғимарат немесе пейзажды визуалды қабылдауда максималды біртұтастылыққа қол жеткізуге көмектеседі.



1-сурет. Панорамалық фототүсірілім



2-сурет. Панорамалық фототүсірілім

Виртуалды тур тұтынушыға тауарды немесе қызметті ерекше қырынан көрсетуге арналған маркетингтік әсерлі құрал болып табылады. Ол көрерменде сол жерде жүргендей әсер қалдырады, дәлірек айтсақ, жарқын, есте қаларлықтай мүсіндер, сонымен қатар, тауар немесе қызмет туралы барынша мол ақпарат алуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңдағы әлемдік даму ақпараттық кеңістіктің құрылуымен (кибернетика) сипатталады. Өз кезеңіндегі әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттерді біріктірген географиялық кеңістік секілді, ақпараттық кеңістік те басқа кезең мен кеңістікте тарихи құрылымданған әртүрлі өркениеттерді, мәдени-экономикалық құндылықтарды біріктіреді. Әлемдік дамудың басым ағымдары туристік салаға да үлкен әсерін тигізіп отыр.

Соңғы кездегі туризм классикалық түрдегі саяхатты елестетеді, өйткені «туристік саяхатта» қиындықтар мен қауіптер кездеспейді, ыңғайлылық пен комфортта болады. Туризм жай ғана пішіндер мен саяхаттың құрылымын бейнелеп шығарады. Виртуалды туризм жасанды саяхатты да, шын саяхатты да алмастырады. Бұндай «туристік саяхат» ыңғайлырақ, қауіпсіз, өйкені ол үйде жүзеге асырылатын нәрсе. «Виртуалды саяхат» мәдени кеңістіктің орасан зор қырларын ашады және де саяхат кеңістігінде жылжитын тек тінтуір мәзірі ғана болып табылады. Виртуалды тур туризмнің жаңа, аз зерттелген формасы болып табылады, сондықтан оған нақты анықтама беру қиынырақ. Виртуалды туризм – бұл өз кезегінде ойын тәріздес, өзіне тән машинамен берілетін кескіндерге бай іздеу орны. Бұл сатылы кодтау тәсілі де болып табылады, жаракатсыз шындыққа жету. Турист мәдени гипермәтіннің бөлігі болған жағдайда, ол физикалық түрде мультимедиялық жүйеге кіреді, яғни ол виртуалды шындықта шын мәнінде жүреді, солай ол үшін виртуалдылық шынайылыққа ұласады [3]. Егер дәстүрлі туризм – үлкен қашықтықтағы бақылау, көру болса, виртуалды туризм қиял мен шындықтан тұратын саяхаттың мәдени кеңістігіне кіріп кетуге мүмкіндік береді.

Виртуалды турлар көптеген мәселелерді шешу құралы болып табылады. Виртуалды туризм негізінде зерттеу жұмыстарында мынадай нәтижелер алуға болады [4]:

1) Денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін виртуалды турларды пайдалану. Себебі виртуалды турлар ешқандай физикалық күшті талап етпейді, мұндай сырқатқа шалдыққан қанша адамның арманы орындалмай кетіп жатыр?! Сондықтан мұндай жұмыстар тек қаражат көзі ғана емес, сонымен қоса қайырымдылық шара болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін саяхаттау өте қиын, сондықтан бүгінгі күннің бұл жаңа технологиясы олар үшін таптырмас мүмкіндік;

2) Қаражаты төмен адамдар үшін виртуалды турларды пайдалану. Демалыстың қай түрі болса да арзан емес екендігі бәріне аян. Әрине, таңдау мүмкіндігі бар. Мысалы, Испания орнына Алтайды таңдауға болады, ал егер оған да қаражат жетпесе, қала маңында орманға барып демалуға болады. Ал егер сен өмір бойы Барселонадағы әлемдегі ең үлкен аквариумды немесе Елсейілік алаңмен серуендеуді, Эрмитажды көруді армандаушыларға виртуалды турлар таптырмас туризм түрі;

3) Виртуалды турларды жарнамада пайдалану. Еліміздің керемет туристік әлеуеті жоғары жерлердің виртуалды туры жасау арқылы біз көптеген туристерді қызықтыра отырып, оны шынайы көруге шақыра аламыз. Адамдар көп жағдайда демалыс алдында баратын елі, орналасатын қонақ үйі, тамақтанатын орны туралы ақпаратты ғаламтор жүйесінен іздейді. Ал виртуалды экскурсия осы мәселе бойынша да таптырмас ақыл. Ол сол жерге қызығушылық тудырып, өз көзімен көруге ұмтылыс тудырады;

4) Виртуалды экскурсияларды туристік агенттер үшін қолдану. Туристік агенттер туристерді жіберіп жатқан елі туралы бәрін білуі міндетті. Барлық елдерге баруға ақша да, уақыт та жетпес еді. Бұл жағдайда да виртуалды турлар көмек бере алады.

Қазақстан нарығында виртуалды тур жасаумен айналушы компаниялар санын дәл анықтау мүмкін болмады. Оның себебі мұндай статистикалық мәліметтердің әлі де жүргізілмегендігінен болса керек. Жалпы ондай компаниялар саны сайттар жасаумен айналысатын компаниялар санымен пара пар келеді. Себебі кез келген сайт жасаушы компания қосымша табыс көзі ретінде виртуалды турларды жасаумен айналысады. Онлайн компаниялар ғаламтор жүйесінде орналасқан және ғаламтор арқылы қызмет көрсетеді. Еліміздің виртуалды туризм нарығындағы көшбасшы компанияларының қызметтері, виртуалды турлары мен бағалары туралы мәлімет төмендегі кестелерде (1,2-кесте) көрсетілген.

1-кесте

3D-тур құны

3D панораманың құны, тг	3dtour.kz	Fotosfera.kz	Vrt.kz (virtual reality)
Бір 3D панораманың жасалу құны, тг	30000	6000	15000
Бестен аса 3D панораманың жасалу құны, тг	25000	5000	15000
Оннан аса 3D панораманың жасалу құны, тг	20000	4500	15000
Он бестен астам 3D панораманың жасалу құны, тг	15000	Келісім бойынша	15000

Жоғарыдағы кестеде қазақстандық виртуалды нарықтағы үш көшбасшы компаниялардың бір панорама жасаудағы салыстырмалы бағалары көрсетілген. Ең қымбат бағаны Vrt.kz және 3dtour.kz компаниялары ұсынып отыр. Мұның басты себебі – аталмыш компаниялардың бұл салада басты көшбасшы екенімен түсіндіруге болады.

2-кесте бойынша «Virtual Reality», 3dtour.kz, Fotosfera.kz компанияларының қызмет түрлері мен турлар түрлері қарастырылған. Мұнда «Virtual Reality» компаниясының қызметтер спектрі кең екені байқалады. Оның себебі ол тек виртуалды турлар жасаумен ғана айналысып қоймай, «Real Soft» компаниясының бір бөлімі бола тұрып, барлық интернет жобалар жасаумен айналысады. Ал турлар түрлеріне келетін болсақ, әр компания, көбінесе, өз жеріндегі көрнекті орындар бойынша турлар жасайтыны байқалып отыр.

Бүгінгі күні әлемдік туризмде жаңа бағыт болып отырған «виртуалды туризм» өзінің мүмкіндіктері мен таңқаларлық және ақпаратты әлемнің кез келген нүктесіне жеткізуде таптырмас қазына.

2-кесте

Компаниялар қызметтерін өзара салыстыру

Атауы	Қызмет түрлері	Турлар түрлері
-------	----------------	----------------

«Real Soft» (virtual reality) компаниясы	<ul style="list-style-type: none"> - кәсіпорындардағы электрондық жатайнал ым жүйесі; - СМЖ автоматтандыру жүйелері; - қызметкерлерді басқару жүйелері; - кезкелген қиындықтағы биллинг жүйелері; - Genesys компаниясының Call Centre және IP-телефониялары; - Oracle Siebel компаниясының CRM шешімдері; - автоматтандырылған жобалау жүйелері; - виртуалды сапарлар мен мәнзаралар; - интернет жобалар. 	Grand hotel victory (Ақтау), Air Astana, Apple town (Алматы), The Dostyk Hotel (Алматы), Veritas Brown (Алматы), Тұлпар жүргіргіш поезды, т.б.
fotosfera.kz	<ul style="list-style-type: none"> - панорамалық сфералық суреттер 360x180; - виртуалды турлар; - 3D-суреттер; - стерео-суреттер; - HDR-суреттер; - визуалды арнайы эффекттер 	"Сарай" мейрамханасы (Алматы), Шымбұлақ, «AlsheihMotors» автосалоны (Алматы), «Азия Комильфо» компаниясының сән көрсетілімі (Алматы), М.Горький атындағы саябақ (Алматы), Үндістанда саяхат, т.б.
3dtour.kz	<ul style="list-style-type: none"> - панорамалық сфералық суреттер 360x180; - виртуалды турлар; - 3D-суреттер; - стерео-суреттер; - HDR-суреттер; - визуалды арнайы эффекттер 	Менеджмент, Экономика және Болжамдаудың Қазақстандық Институты «Империл-М» казиносы (Боровое), «Дипломат» қонақ үйі (Астана), «Paletto» мейрамханасы (Қарағанды), «Сары-Арка» әуежайы (Қарағанды), «Достар-Алем» қонақ үй кешені, т.б.

Виртуалды туризм ең жаңа инновациялық жарнамалық технология болып саналып отырғандықтан, мұндай турлар арқылы кез келген туристік кәсіпорын өз қызметі туралы тұтынушыға дұрыс ақпарат беріп, өз қызметтеріне сенімділігін арттыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://photo-element.ru/ps/spherical/spherical.html>. Панорамалық фотоларға арналған фотожурнал сайты.
- 2 http://ru.wikipedia.org/wiki/Виртуальный_тур. Википедия свободная энциклопедия.
- 3 www.360spin.co.uk/stats.htm. 360 Brings Your Web Site to Life сайты
- 4 <http://www.mls.kz/default.asp?inc=10&opt=5&razd=1>. MLS Мультилингвистическая система Казахстана сайты

ӘӨЖ 338.48-1-025.27(574)